ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ,
ПАВЛОДАР ҚАЛАСЫ БІЛІМ БЕРУ БӨЛІМІНІҢ
«ПАВЛОДАР ҚАЛАСЫНЫҢ
№ 14 АРНАЙЫ БАЛАБАҚШАСЫ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК
ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ
«СПЕЦИАЛЬНЫЙ ДЕТСКИЙ - САД № 14
ГОРОДА ПАВЛОДАРА» ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА ПАВЛОДАРА,
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ

140002, Павлодар қаласы, Торайғыров көшесі, 99/2,
тел./факс: 8 (7182) 51-31-62

140002, город Павлодар, ул. Торайгырова, 99/2,
тел./факс: 8 (7182) 51-31-62

1-03 № 63
29.11. 2021 ж.

**Павлодар облысының білім беру басқармасы, Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының №14 арнайы балабақшасы» Коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорында өзін – өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Занның 5-бабы 9), 59-бабы 4), Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары», Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 10 қыркүйектегі №100 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» басшылыққа қала және Павлодар облысының білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментін ММ-нің 2021 жылғы 23 қарашадағы №1-03/218 бұйрығына сікес

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2021 жылғы 29 қарашадағы Павлодар қаласының №14 арнайы балабақшасында «Өзін-өзі бағалауды өткізу туралы» тақырыбында жоспардан тыс педагогикалық кеңес өткізілсін.
2. 2021 жылғы 29 қарашадан 2021 жылғы 29 желтоқсанға дейін Мектепке дейіңгі ұйымның өзін-өзі бағалауы өткізілсін.
3. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі комиссия құрамы: комиссия төрайымы балабақша басшысы Г.Қ. Жұмабекова
   Комиссия мүшелері: әдіскер Ж.Т. Илбясова, медбике Г.У. Ботагузова, кәсіподақ төрайымы З.Қ. Букенбаева, бухгалтер Л.С. Текебаева бекітілсін.
4. А.Искакова комиссия хатшысы болып тағайындалсын.
5. Комиссия білім беру ұйымдарын бағалау критерийлеріне және білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалау ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын жүргізсін.
6. Комиссия мүшелері білім беру ұйымның өзін-өзі бағалауы бойынша мына есептерді дайындасын:

000354

1) Ж.Т. Ильясова – білім беру ұйымның мақсаты, міндеттері мен құндылықтары; оқытушылық және оқыту; МЖМБС орындау, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингтеу нәтижелері (машықтар мен дағдылар диагностикасы), Мектепке дейінгі ұйымда инклюзивті білім беруді ұйымдастыру және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық – педагогикалық қолдау, пәндік – кеңістік дамыту ортасын құру;
2) З.Қ. Букенбаева – педагогикалық кадрлардың сапалық құрамы, тәрбиеленушілердің жетістіктерін бақылау, ата – аналардың сауалнамасын талдау;
3) Г.У. Ботагузова – мектепке дейінгі ұйымда сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру, бақшаға қатысу мен сырқаттанушылықты талдау, тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
4) Л.С. Текебаева – материалдық – техникалық база, негізгі құралдарды сатып алу.

7. Комиссия білім беру ұйымының өзін – өзі бағалауын 2021 жылғы 29 желтоқсанда қорытындыласын.
8. 2021 жылғы 29 желтоқсанда білім беру ұйымының өзін – өзі бағалау қорытындылары бойынша педагогикалық кеңес өткізілсін және білім беру процесінің барлық қатысушыларының назарына жеткізілсін.
9. Білім беру ұйымының өзін – өзі бағалау қорытындысы бойынша қорытындыға құжаттарды дайындауға жауапкершілік әдіскер Ж.Т. Ильясова және хатшы А.Искаковаға жүктелсін.
10. Бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

**Басшы** **Г.Қ. Жұмабекова**

Бұйрықпен танысты: